

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Самашев З.С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. – Алма-Ата: Ғылым, 1992. – 288 с.
2. Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы, 2006. – 200 с.
3. Свод археологических памятников Восточно-Казахстанской области. – Усть-Каменогорск: Государственный фонд поддержки культуры и искусства, 2006. – 254 с.
4. Омаров Г.К., Жуматаев Р.С., Бесетаев Б.Б., Сагындыкова С.Т. Наскальные изображения Восточного Казахстана. Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 32 с.
5. Окладников А.П. Петроглифы Центральной Азии. – Л.: Наука, 1980. – 272 с.
6. Самашев З.С. Некоторые замечания о проблемах петроглифоведения Казахстана // Арало-Каспийский регион в истории и культуре Евразии. – Актобе, 2006. – Ч. 1. – С. 31–36.
7. Дэвлет Е.Г., Дэвлет М.А. Об изображениях оленей с соляными знаками на корпусе // Комплексные исследования древних и традиционных обществ Евразии. – Барнаул, 2004. – С. 418–422.
8. Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б., Мерц И.В., Сагындыкова С.Т. Краткое сообщение о результатах археологической разведки на территории Курчумского района в 2018 году // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия: Исторические науки. – 2018. – №4 (91). – С. 201-213.

### Ордабасы ауданының қасиетті нысандары

Нұрғали Н.Б.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Қ.Б. Баудиярова  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Ордабасы өңірі ежелден-ақ халық жиі қоныстанып, гүлденген өлкенің бірі. Ордабасы ауданындағы көптеген обалар мен төбелер, қоныстар мен қалалар өлкенің тарихи-мәдени ескерткіштерге бай екендігін көрсетеді. Осы ауданның қазіргі географиялық жағдайына тоқталатын болсақ, Ордабасы ауданы-Түркістан облысының оңтүстік бөлігінде орналасқан. Халқының саны – 102461 адам (2009) [1, 9 б.]. 1964 жылы құрылып, 1993 жылға дейін – Бөген ауданы деп аталып келді. Аумағы – 2726 шаршы шақырым. Ордабасы ауданы солтүстігінде-Кентау қалалық-әкімшілігімен, оңтүстік-батысында – Отырар ауданымен және Арыс қалалық-әкімшілігімен, солтүстік-шығысында-Бәйдібек ауданымен, шығысында-Сайрам ауданымен, ал оңтүстігінде-Шымкент қалалық-әкімшілігімен шектесіп жатыр. Аудан – 10 ауылдық округке бөлінген, орталығы – Темірлан ауылы. Халқының ұлттық құрамы бойынша, басым көпшілігін – қазақтар (95%) құрайды. Ірі елді- мекендері: Шұбарсу (16,5 мың адам), Темірлан (12,5), Төрткүл (6,7), Бадам (6,7), Бөген (4,1), Шұбар (3,5), Қайнар (3,2), Қаракұм (3,1), т.б [2,415 б.]. Аудан территориясынан Боралдай, Бадам, Бөржар, Шұбарсу, т.б, өзендер ағып өтеді. Аудандағы ең биік жері Қайнар ауылының шығысында орналасқан (383 м) [3, 173 б.]. Ауданның көп бөлігінің жері жазық, шаруашылыққа өте қолайлы болып келеді.

Ордабасы ауданында тарихи-мәдени, археологияқ ескерткіштер жетерлік. Ордабасы ұлттық тарихи-мәдени қорығының өзінде, көне дәуірден, қазіргі күнге дейінгі ескерткіштер кездеседі. Қорықтағы археологиялық ескерткіштердің ең көнесі мезолит дәуіріне тән, ал бергісі Х-ХІІ ғасырға жататын - Қарауылтөбе болып табылады. Ордабасы ауданында ортағасырлық ескерткіштердің көп болу себебі – аудан территориясы Ұлы Жібек жолының бойында-оңтүстігі мен шығысында Шымкент және Сайрам, ал солтүстігі мен батысында Түркістан мен Отырар сияқты ортағасырлық ірі қалалар аралығында орналасқан. Сондықтан, мұнда – қалалар, керуен сарайлар, төрткүлтөбелер мен қарауылтөбелер жиі бой көтерді.

Ордабасы ауданындағы ежелгі дәуір ескерткіштеріне: Бөржар қорғандары, Жусансай қорғандары, Исаханов қорғандары, Ордабасы қорғандары, Бірлік, Көктөбе, т.б. жатады. Бұл қорғандар негізінен-сақ,қаңлы кезеңіне жатады.Ортағасырлық археологияқ нысандарға – Қараспантөбе, Жуантөбе, Жартытөбе, Ұзынтөбе, Қостөбе, Бірлік, Сарытөбе, Көктөбе,

Боралдай, Шұбар, т.б. қалалар, төбелер, карауыл төбелер мен қоныстары жатады [4, с. 85-115]. Ордабасы ауданындағы археологиялық ескерткіштерді ашып, көптеген жылдар бойы зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар: Н.П.Остроумов, А.Н.Бернштам, А.И.Агеева, Г.И.Пацевич, К.Ақышев, Н.П.Подушкин, Б.Н.Нұрмұханбетов, т.б. болып табылады [4, с. 85-115]. Бұл аудандағы археологиялық зерттеулер әлі күнге дейін жалғасуда. Бөржар қорғандары бз.д. VIII ғ. жатады. Арыс өзенінің сол жағалауында, 5-7 км жерде орналасқан. Қорғандарға 1949 және 1951 жылдары Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (А.Н.Бернштам), 1969-1970 жылдары Отырар археологиялық экспедициясы (К.Ақышев, Б.Н.Нұрмұханбетов), 1971-1975 жылдары Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (К.Ақышев, Б.Н.Нұрмұханбетов) қазба жұмыстарын жүргізеді. Нәтижесінде 1 қорғаннан басы оңтүстік-шығысқа қаратылып қойылған адам қаңқасы және көзе ыдыстар табылған [4, с.109]. Бөржар қорымында 2007-2008 жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында А.А.Ержігітова қазба жұмыстарын жалғастырды. Қазба кезінде, жаңа компьютерлік жетістіктерді пайдалану барысында, жалпы ескерткіштің ұзындығы – 13 км астам екендігін, ал қорымның көлемі 2100 гектарды құрайтынын және қорғандар саны – 2386 екендігі анықталған [5, 94 б.]. Бөржар қорғандарының санының өте көп болуының себебін, бұл аймақтың жерінің мал шаруашылығына өте қолай болып келуімен түсіндіруге болады.

Жуантөбе – Ордабасы ауданы, Көлтабан ауылының солтүстік-шығыс жағында, Арыс өзенінің сол жағалауында орналасқан ортағасырлық қала орны. 1893 жылы 5000-нан аса мыс және күміс теңгелер табылған. Алғашқы археологиялық қазба жұмыстарын 1951 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Е.И. Агеева) жүргізді. Қаланың биіктігі-20м, ауданы 90-120 м, қала орны цитадель және оны қоршай орналасқан рабадтан тұрады. Қаладан табылған Иранның Сасани әулеті шығарған мыс теңгелер және қыш ыдыстар жиынтығы – VI-VII ғасырларға жатады [4, 108 б.]. Жуантөбедегі 2005 жылғы археологиялық зерттеулер нәтижесінде, ер тоқым тәрізді тұғыр, түбінде ерте түркі дәуіріне тән өрнектері бар қыш ыдыстар (VI ғ.), үлкен торсықтағы айқыш өрнектер (VII ғ.) табылды. 2008 жылы мұнда археолог Б.А.Железников қазба жұмыстарын жүргізді [5, 97-99 бб.]. Бұл қала, аудандағы археологиялық ескерткіштердің ішінде, ең көп зерттелген нысандардың бірі. Қаладан Ирандық монеталардың шығуы – ортағасырлық Жуантөбе қаласының Ұлы Жібек жолының бойындағы-сауда-саттық, шаруашылығы дамып, өркендегенін көрсетеді.

Ұзынтөбе. Ұзынтөбе қонысы Арыс өзенінің сол жағалауында орналасқан. Ескерткенішті 1964 жылы Шымкент педагогикалық институтының археологиялық отряды (Н.П.Подушкин) ашқан болатын. Ескерткіштің көлемі ұзыннан созылып жатқандықтан оны «Ұзынтөбе» деп атайды. Биіктігі 4-6 м, ал, көлемі 120×140×140 м, цитадельінің көлемі 40×40 м болып келеді. Қазба жұмыстары барысында, хум сынықтары мен көптеген керамика фрагменттері табылған [4, с. 115]. Ұзынтөбе қонысынан табылған материалдар, ондағы көзе жасау ісінің дамығандығын байқатады.

Қараспантөбе – Ордабасы ауданы, Ынталы елді мекенінің оңтүстік бөлігінде орналасқан. Қараспантөбе қаласын 1898 жылы Н.П.Остроумов, 1946 жылы А.Н.Бернштам, 1951 жылы Е.И.Агеева, 1960 және 1972 жылы Н.П.Подушкин зерттеген. Қала VIII-XII ғ. жатады. Е.И.Агеева мен Г.И.Пацевичтің пікірінше, Қараспан және ортағасырлық Қарасаман екеуін бір қала деп есептейді. Бұл қалада, Шараф-ад-дин Йездидің дерегі бойынша, 1392 жылы Әмір Темір Тоқтамыс ханның елшілерін қабылдаған [2, 110 б.]. 2008 жылы Қараспантөбе қалашығының шахристанына Д.Талеев қазба жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде үш тұрғын бөлме және құмыра күйдіретін пеш орналасқан шеберхананың орнын анықтаған [5, 129 б.]. Жоғарыда келтірілген деректерге қарап, ортағасырлық Қараспантөбе қаласының, сол заманғы мемлекеттік деңгейдегі, саяси маңызы бар қала болғандығын көруге болады.

Қажымұқан Мұңайтпасов мазары. Қазақ балуаны-Қажымұқан Мұңайтпасов 1867 жылы Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қараөткел ауылында дүниеге келген. Өмірінің соңғы күндерін Ордабасы ауданында өткізіп, 1948 жылы Ленинту ауылында қайтыс болған. 2001 жылы бұл ауылға – Қажымұқан есімі берілді. 1967 жылы осы жердегі Қажымұқан мазарына

кесене тұрғызылды. Биіктігі – 5,5 м, кесененің авторы архитектор-Г.В.Гладких [4, с. 107]. Қ. Мұңайтпасов мазары осы өңірдің тұрғындары үшін киелі саналады. Қазіргі таңда бұл жер халықтың жиі келетін орындарының біріне айналды.

2001 жылы 26 маусымда Темірлан ауылында Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы спорт мұражайы ашылды. Мұражай ғимаратының архитектуралық сызбасын облыстық архитекторлар тобы: А. Әбіраманов және бас инженері А. Сушко жасаған. Мұражайда 1126 экспонат сақтаулы. Қажымұқан Мұңайтпасовтың құшақтап көтерген салмағы 350 кг болатын атақты тасы осы музейде тұр [2, 288 б.]. Жыл сайын 7 сәуір Қажымұқан Мұңайтпасовтың туған күніне арнап, қазақ күресінен Темірлан ауылындағы осы кісінің атына берілген спорт сарайында аудандық, облыстық, республикалық деңгейде турнирлер өткізіледі.

1726 жылы қазақтардың жоңғарларға соққы беру үшін Ордабасыда жиналуының өзіндік себептері бар еді. Өйткені, Сайрамның жанындағы Мәртөбеде, Ташкент қаласының оңтүстігіндегі қырық шақырымдай жердегі Ангрэн өзенінің жағасындағы «Күнде жиын өткен» Күлтөбеде жиналуға мүмкіндік жоқ болды. Себебі, қаншама жылдар қазақтардың игі жақсылары бас қосқан бұл жерлер жоңғарлардың қол астында болатын. Сондай-ақ, Қаратаудың теріскейіндегі, Шу өзенінің құмға сіңіп жатқан мандағы Қаракорымда да бас қосу мүмкін болмады. Өйткені, Қаратаудың арғы бетінде, Ақсүме жақта жоңғар әскерінің үлкен қолы жатты. Бөген өзеніне тиіп тұрған Қаракұмда да кездесу өткізе алмад. Оның себебі, Түркістан төңірегін торыған жоңғарлар сол аймақта қаптап жүрген. Жері жазық бұл – Ордабасы өңіріне өзі жоңғарлар үшін қиын да, қауіпті еді [6, 31 б.]. Қазақтың үш жүзінің билері мен хан – сұлтандары, үш жүзден құралған жасақтар лек-легімен келіп, Бадам өзенінің Арысқа құяр сағасынан 5 шақырым жердегі-Ордабасыға жиналды. Ордабасы төбесінің жанында, хан-сұлтандар мен үш жүздің билері арнап ақ шатырлар тігілді. Бұл құрылтайдың Ордабасы тауында өткендегін орыс тарихшысы – А.И.Левшин жазып қалдырған. Сонымен қатар, Қытайдағы белгілі қазақ тарихшысы, қазақ-жоңғар қатынастарына көп көңіл бөлген, профессор Ж.Мырзаханұлы: «Үш жүздің басын қосқан бұл кездесу 1726 жылы, ескі Отырар қаласынан онша алыс емес Ордабасы деген жерде өткен еді», - деп атап көрсетеді [6, 32 б.]. Осы деректер, бұл ұлы құрылтайдың Ордабасы тауында өткендігінің даусыз екенін растайды. Осы жиынға қатысушылар елді бірлікке жұмылдырып, жауға қарсы аттануға жоспар жасап, барша қазақ жерін жоңғарлардан азат етуге ант берген. Біріккен қазақ іскерінің бас қолбасшы болып – Әбілқайыр хан сайланады. Ордабасыдағы қазақ құрылтайының нәтижесінде, 1727 жылы болған Бұланты-Білеуті шайқасы мен 1729-1730 жылдардағы Аңырақай шайқасында қазақ әскері ұлы жеңіске қол жеткізді [3, 174 б.]. Қазіргі таңда Ордабасыда қазақ тәуелсіздігі үшін күресіп, қазақтың үш жүзін бірлікке жетелеген Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге арнап ескерткіш орнатылған.

1993 жылы 28 мамырда, Ордабасыда елбасымыз Н.Ә.Назарбаев және көршілес елдерден қонаққа келген Өзбекстан президенті И.Каримов, Қырғызстан президенті А.Ақаевтың қатысуымен жиын өтті. Жиында Н.Ә.Назарбаев Ордабасы жайында сөз сөйлеп, «Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорығын құру туралы өзінің №1213-ші қаулысын жариялады [6, 21 б.]. Осылайша, үш жүздің басын қосқан-Ордабасы, өзінің тарихи бағасын алды. 1997 жылы Ордабасыдағы «Бірліктөбеде» биіктігі – 27 метр, енінің диаметрі – 8 м болатын – «Бірлік» монументі бой көтерді. Ескерткішке Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің ұлағатты сөздері жазылған. Сонымен қатар, ескерткеніштің ұшар басы-хан қалпағының бейнесі етіп жасалынған. Ескерткіштің жобасын жасаған сәулетші – Ғ.Садырбаев болып табылады [6, 22 б.]. «Бірлік» монументі-біздің қазақ халқының жоғары пәлсапалықойларына негізделіп салынған. Осындай мол археологиялық ескерткіштермен қатар, мұнда, емге пайдалы бұлақтар, т.б. мәдени орындар жиі кездеседі.

Ордабасы ауданында тарихи-мәдени ескерткіштер саны өте көп екендігін жоғарыда атап өттік. Ордабасы ұлттық тарихи – мәдени қорығының өзінде 140 обадан тұратын 28 археологияқ ескерткіштер, ал Бөржар қорымынан 2386 оба анықталған. Дегенмен, аудан территориясының нақты тарихи ескерткіштерінің саны қанша екендігі анықталмаған. Сонымен қатар, археологиялық ескерткіштердің ішінде кейбірі – облыстық тарихи-мәдени

ескерткіштер жинағана еңбеген. Оған, Төрткүл ауыл округіндегі, ортағасырлық – Төткүлтөбе ескерткішін жатқызуға болады. Қазіргі осы ескерткіштің сақталу күйіне қарасақ, оның бір шетінің топырағы бұзылып алынған. Осы және басқада көптеген ескерткештер археологиялық зерттеулерді, сондай-ақ, мемлекет тарапынан өз деңгейінде қорғалуды қажет етеді. Қазіргі уақыттағы, Ордабасы ауданындағы тарихи ескерткіштердің зерттелу және сақталу мәселелеріне байланысты ұсынысым:

- 1) археологиялық ескерткіштерге барлау жұмыстарын жүргізу, анықтау және тіркеу;
- 2) археологиялық ескерткіштердің сақталу деңгейін мемлекет тарапынан қамтамасыз ету;
- 3) ескерткіштерге консервациялық және реставрациялық іс-шаралар жүргізу.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі / Қазақстанның демографиялық жылнамалығы 2009. – Астана, 2010. – 522 б.
2. Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. – Алматы, 2015. – 565 б.
- 3.«Қазақстан». Ұлттық энциклопедиясы / Бас ред. Б Аяған. 7 том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. – 728 б.
4. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – Алматы, 1994. – 367 с.
5. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2008 жылғы Археологиялық зерттеулер жайлы есеп. – Алматы, 2009. – 268 б.
6. Қаназарұлы Ш., Сейтжанов М.Ж. Қазақ бірлігінің бастауы. – Ордабасы- Шымкент: АЗИАТ, 2013. – 288 б.

#### **Ибраһим ата кесенесіне**

Семсерхан Алтын

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, доцент Кенжеғали Ж.М  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Киелі жер дегеніміз не?Өз басым келесі үш ойды айтқым келіп отыр:кейбіреулерінің сенімдері бойынша тілек-армандары орындалатын жер. Біреулер үшін діншіл адамдардың ғибадат ететін орыны. Біреулер үшін киелі адамның өмір сүрген мекені немесе мазары.Барлық пікірлердің астында шыңдығы бар.Бірінші ой тілек-арман дедік. Бұл, тілек тіледің енді ол орындалады деген сөз емес. Осындай сапарда болған адам қандай да бір үмітпен, мотивациямен, жақсы көңілмен оралады. Психикалық жағдайы жақсы, тұрақталған адамның өзінің алдына қойған мақсаттарының орындалу мүмкіншілігі жоғарылайды. Екінші пікір туралы айтсақ,ол әрине дін. Көптеген ғасырлар бойы дін адамзат өмірінде өте жоғары рөл атқарды. Дін адамның тілегі мен арманының тумасы деп білемін. Жүрегінде арман мен тілек ұялаған пенденің қандай да бір жаратушыға деген сенімі пайда болады. Осы сенімді сұрау,дұға оқу арқылы көрсетеді.Дұғаларды оқитын немесе басқа діншіл азаматтың оқып беру орындарынан мешіттер,шіркеулер және ғибадатханалар пайда болады. Осылайша адамдардың қолымен басқа адамдарда киелі санайтын жерлер дүниеге келеді.Үшінші пікір осы киелі орындардың немесе діндердің негізін салушылылар. Яғни киелі дүниенің негізін салушыға қатысты дүниелердің автоматты түрде «киелі» деген атаққа ие болуы: тұрған үйі, қаласы, киген киімі, жеген асы, су ішкен бұлағы тіпті сөзі. Осы мақаламды осы үшінші пікір аумағында өрбіткім келіп отыр.Қазақ жері киелі орындарға бай мемлекет. Әлемде жер аумағы бойынша тоғызыншы орында болғандықтан басқаша болуы мүмкін емес. Көптеген халықтың тағдыры түйіскен жеріміздің киелі орындарының бірі-Ибраһим ата кесенесі. Сайрам қаласының солтүстік-шығысында орналасқан бұл кесене сопылық ілімнің уағыздаушысы Қожа Ахмет Яссауидің әкесі шейх Ибраһимнің мазарының үстіне салынған екен. Ауданы 7.2\*7.2м, биіктігі 8.25м болатын шаршы тәріздес ғимарат.XII-XIV ғасырларда